



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Тақырыбы: Көпір тәрізді протез

Орындаған: Кидирова Д
Қабылдаған: Ахмедова.А.Н
Тобы: стк-330

Көпір тәрізді протез

Көпір тәрізді протез – бұл «көпірге» ұқсас алынбайтын ортопедиялық құрылым. Олар тірек тістерге сауыттар, штифті бар сауыттармен, салмалармен бекиді. Олардың ерекшелігі жасанды тістерден тұратын аралық бөлігінің болуында. Көпір тәрізді протез бір немесе бірнеше тіс ақауында қолданылады. Ол бір немесе бірнеше тіс ақауында қолданылады

Көпір тәрізді протез түрлері

- Қалыпталып – дәнекерленген
- Тұтас құйылған
- Металлокерамикалық
- Металлопластмассалы
- Пластмассалы
- Оксид цирконий негізінде

ЖОСПАР

I КІРІСПЕ

II НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Көпір тәрізді протез
2. Көпір тәрізді протез түрлері
3. Протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері

III ҚОРЫТЫНДЫ

IV ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Штампталып-дәнекерленіп жасалынатын көпіртәрізді протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.

Клиникалық кезеңдері

1. Пациентті тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, тірек сауыттардың астына тістерді егеу. Қалып алу.
2. Жақтардың орталық ара қатынасын анықтау
3. Сауыттарды тірек тістерге шақтап, өлшеп, кигізіп көріп, жақтан (шақтап, өлшеп, кигізіп киілген сауытпен бірге) қалып алу
4. Көпіртәрізді протезді ауыз қуысында шақтап, өлшеп, кигізіп көру.
5. Көпіртәрізді протезді цементке бекіту.

Лабораториялық кезеңдері

1. Гипстен модель құю. Қажет болған жағдайда тістеу валигімен балауызды негіз дайындау.
2. Модель құю. Модельді окклюдаторға гипстеу. Тісті мүсіндеу, тіс штамптарын алу, тірек тістерді штамптау.
3. Тірек сауыттармен бірге модель құю. Модельді окклюдаторға гипстеу; Көпіртәрізді протездің аралық бөлігін балауыздан мүсіндеу. Құю. Дәнекерлеу. Ағарту.
4. Көпіртәрізді протезді тегістеп, жылтырату



Бүтіндей құйылып жасалатын көпіртәрізді протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.

Клиникалық кезеңдері

1. Пациентті тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, тірек сауыттардың астына тістерді егеу. Қалып алу

2. Жақтардың орталық арақатынасын анықтау

3. Бүтіндей құйылып жасалатын көпіртәрізді протезді ауыз қуысында шақтап, өлшеп, кигізіп көру.

4. Көпіртәрізді протезді цементке бекіту.

Лабораториялық кезеңдері

1. Құрастырмалы модель құю. Қажет болған жағдайда тістеу валигімен балауызды негіз дайындау.

2. Көпіртәрізді протездің конструкциясын балауыздан мүсіндеу. Құю. Өңдеу.

3. Көпіртәрізді протезді тегістеп, жылтырату



Металлкерамикалы көпіртәрізді протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезендері.

Клиникалық кезендері

1. Пациентті тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, тісті егеу, қосқабатты қалып алу, керамикалық қабатының түсін анықтау.
2. Көпіртәрізді протездің каркасын ауыз қуысында шақтап, өлшеп, кигізіп көру.
3. Ауыз қуысында шақтап, өлшеп, кигізіп көру және бекіту.

Лабораториялық кезендері

1. Құрастырмалы модель құю. Көпіртәрізді протез каркасын балауыздан мүсіндеу, құю жүйесін орнату, отқа төзімді модельді құю, каркасын алу, каркасты тегістеп жылтырату.
2. Каркас беткейін майдан тазарту және оксидті пленка алу, грунтты қабатты жағу, дентинді қабатты жағу, эмальді қабатты жағу және глазурлеу, соңғы күйдіру.
3. Протезді шақтап, өлшеп, кигізіп көру кезінде түзетулер жүргізілген жағдайда, сауыт лабораторияға ақырғы глазурлеуге жіберіледі.



Бүтінқұйылған металлпластмассалы көпіртәрізді протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.

Клиникалық кезеңдері

1. Пациентті тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, тірек сауыттардың астына тістерді егеу. Қалып алу.
2. Жақтардың орталық арақатынасын анықтау
3. Ауыз қуысында көпіртәрізді протездің каркасын шақтап, өлшеп, кигізіп көру.
4. Дайын көпіртәрізді протезді ауыз қуысында шақтап, өлшеп, кигізіп көру.
5. Көпіртәрізді протезді цементке бекіту.

Лабораториялық кезеңдері

1. Құрастырмалы модельді құю. Қажет болған жағдайда тістеу валигімен балауызды негіз дайындау.
2. Модельді окклюдаторға гипстеу. Көпіртәрізді протез каркасын балауыздан мүсіндеу, құю жүйесін орнату, құю, металды каркасты алу, тегістеу, жылтырату.
3. Протездің пластмассалы әрленген беткейін дайындау.
4. Көпіртәрізді протезді соңғы рет тегістеп, жылтырату.



Пластмассадан жасалатын көпіртәрізді протезді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.

Клиникалық кезеңдері

1. Пациентті тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, тірек сауыттардың астына тістерді егеу. Қалып алу.

2. Жақтардың орталық ара қатынасын анықтау.

3. Ауыз қуысында көпіртәрізді протезді шақтап, өлшеп, кигізіп көру.

4. Көпіртәрізді протезді цементке бекіту.

Лабораториялық кезеңдері

1. Құрастырмалы модельді құю. Қажет болған жағдайда тістеу валигімен балауызды негіз дайындау.

2. Көпіртәрізді протезді мөлдір балауыздан мүсіндеу. Полимеризация әдісімен балауызды пластмассаға ауыстыру.

3. Көпіртәрізді протезді соңғы рет тегістеп, жылтырату.







